«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

010000, город Астана, Дом министерств
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

_____№_____
_____

**Астана, Алматы, Шымкент
қалалары мен облыс әкімдіктеріне**

Көшірмесі: **«Қазақтелеком» АҚ**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің хаттамалық тапсырмасына сәйкес (15.08.2025 жылғы № 21-05/07-1478, 10-тармақ) 2026 жылдың соңына дейін Атырау, Алматы және Түркістан облыстарының тәжірибесін ескере отырып, елдің барлық өңірлерінде «AI Mektep» жобасын кеңейтуді қамтамасыз ету қажеттігін хабарлайды.

Бүгінгі таңда, «Қазақтелеком» АҚ ақпараты бойынша, «AI Mektep» жобасын іске асыру аясында Атырау облысында 2 485 бейнебақылау камераларын қосумен және бейнеаналитика жүйесін енгізумен 202 мектептен бейнеағындарды шығару қамтамасыз етілді. Жобаны іске асыру білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға, оқыс оқиғаларға жедел ден қоюды қамтамасыз етуге, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен төтенше жағдайлардың алдын алуды күшейтуге мүмкіндік берді.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған тапсырманы орындау шеңберінде ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының «AI Mektep» жобасын (байланыс арналарының, серверлік инфрақұрылымның, бейнебақылау камераларының және өзге де техникалық құралдардың болуы) енгізуге техникалық дайындығына талдау жүргізуді ұсынамыз.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, ағымдағы жылдың **10 сәуіріне** дейінгі мерзімде «AI Mektep» жобасын масштабтау бойынша жоғарыда көрсетілген тапсырманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беруді сұраймыз, қажет болған жағдайда қосылуға жоспарланған білім беру объектілерінің санын көрсете отырып, жобаны кезең-кезеңімен іске асыру бойынша ұсыныстар қалыптастырылуы қажет.

Вице-министр **А. Ахметжанов**

орындаған: Төлеген А.Т.
тел.: 74-22-97